

## Publons - қа тіркелу


### 1. Жүйеге кіру:

#### Нұсқа 1:

<https://publons.com> мекен-жайы арқылы жүйеге кіру

#### Нұсқа 2 (Web of Science платформасы арқылы):

Кіру мекен-жайы: <https://apps.webofknowledge.com> Тіркеу сауалнамасына өту үшін осы беттің жоғары жағындағы Publons қосымша бетін немесе «Құралдар» мәзірінен - «Publons» таңдаңыз.



### 2. Publons - қа тіркелу

Publons - та интерфейс және тіркелу ағылшын тілінде.

#### Нұсқа 1:

«Мен бұрын-соңды Web of Science-та тіркелмегенмін, менде ResearchID жоқ»

Кіру мекен-жайы: <https://publons.com>. Экранның оң жақ бұрышындағы Register батырмасы. Әрі қарай тіркеу нысанын толтыру қажет.




Толтыру керек:

қолданыстағы электронды пошта мекен-жайын көрсетіңіз (@satbayev.university доменынде болған дұрыс);

құпиясөз құрыңыз (төмендегі ережелерді қараңыз);  
жоғарыда құрылған құпиясөзді қайталаңыз;  
атыңызды көрсетіңіз (First name);  
тегіңізді көрсетіңіз (Last name).

Тіркеу сауалнамасын толтырғаннан кейін «Register» батырмасын басу арқылы тіркеуді аяқтау қажет (тіркеу сауалнамасының соңында) (сауалнаманың барлық жолдарын толтырғаннан кейін батырманы басуға болады).



Құпиясөз (Password) құру ережелері:  
кемінде 8 таңба болуы тиіс;  
95 таңбадан аспауы тиіс;  
латын әліпбиінің кемінде бір әрпі;  
кемінде бір сан;  
басында және соңында бос орындар жоқ;  
кемінде бір арнайы таңба (! @ # \$ % ^ \* ( ) ~ ` } [ ] | \ & \_).


Тіркелу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекен-жайына растау сілтемесі бар хат жіберіледі, сол сілтемеге өту арқылы сіз Publons-та тіркелуді аяқтайсыз.

Тіркелгеннен және тіркелу расталғаннан кейін жүйе сізге Publons туралы қысқаша ақпаратпен танысуды ұсынады. Профильге өту үшін «Continue» опциясын, содан кейін «Get Started» тармағын таңдаңыз.

Профильге Web of Science-тан кем дегенде бір жарияланым қосқаннан кейін ResearcherID нөмірі автоматты түрде қосылады.

Егер сізде Web of Science индекстелген жарияланымдар болмаса, ResearcherID нөмірін алу үшін, [info@publons.com](mailto:info@publons.com) қолдау қызметіне немесе мына мекен-жайға хабарласыңыз: <https://publons.freshdesk.com/support/solutions/articles/12000038281-what-is-myweb-of-science-researcherid> және «this link» сілтемесіне өтіңіз.

Сіздің жеке идентификаторыңыз\* Сіз жоғарыда экранның оң жағындағы профильдің негізгі бетінен көре аласыз.



## Нұсқа 2:

Егер сіз бұрын тіркелген болсаңыз (сәйкесінше, логин мен құпиясөз бар):

Web of Science (жеке кабинет);  
Master Journal List;  
EndNote;  
ResearcherID.

Publons-қа осы логин мен құпиясөз арқылы кіруге болады және керек.

Кіру мекен-жайы: <https://publons.com>.

Содан кейін жоғарыда экранның оң жағындағы «Log in» батырмасын басу қажет.

Publons платформасында авторизацияланғаннан кейін жарияланымдар мен пікірлер туралы ақпарат қол жетімді болады. Егер жаңа платформаға көшу алдында ResearcherID-де тіркеулік жазба болса, барлық мәліметтер әдебиеттер тізімі мен басқа да деректерді сақтай отырып, Publons профиліне дейін автоматты түрде жаңартылады. Егер сіздің ResearcherID тіркеулік жазбаңызда және Publons профиліңізде бір-біріне қайшы келетін ақпарат болса (мысалы, зерттеу аймақтары әртүрлі), Publons профиліндегі ақпараттарға басымдық беріледі. Егер сіздің ResearcherID профиліңіз жабық болса («private» деп белгіленген), ол Publons-қа қосылмаған. Сіз «Профильді басқару» («Manage profile») түймесін басып, «Public (Master)» жолағын белгілеу арқылы, ResearcherID профилін көпшілікке қол жетімді етуіңіз керек.